

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 20 қыркүйекте жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Шаруалар қолданысындағы техникалардың басым бөлігінің әбден тозығы жеткен. Ол жайында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы жолдауында ерекше атап айтты.

Отандық ауыл шаруашылық техникаларын құрастыру өндірісіне ел бюджетінен орасан зор қаржы бөлініп жатса да, ол техникалардың бағасы өте қымбат. Біз ауылшаруашылығы саласында Орталық Азияда жетекші мемлекеттердің біріне айналуымыз керек дейміз. Мынандай көкейтесті проблемалар алдымызда тұрғанда қалай дамыған аграрлық ел боламыз.

Қаржы министрлігінің ақпаратына сәйкес ауыл шаруашылық техникаларын құрастыру өндірісіне соңғы 5 жылда 123 млрд. 573 млн. теңгеге мемлекеттің салықтық жеңілдіктері жасалған. Мысалы, 2018 жылы корпоративтік табыс салығы және қосылатын құн салығын төлеуден 9 компания 3 млрд. 937 млн. теңгеге, 2019 жылы 11 құрастыру өндірісі 9 млрд. 655 млн. теңгеге, 2020 жылы 13 компания 20 млрд. 661 млн. теңгеге, 2021 жылы 43 млрд. 841 млн. теңгеге, ал 2022 жылы 12 компания 45 млрд. 478 млн. теңгеге босатылған.

Бұдан бөлек 2022 жылы отандық техника өндірушілерге экологиялық кодекстің 388-бабының 3-тармақшасына сәйкес кәдеге жарату алымынан, яғни (утильсбордан) түскен қаражаттан 43 млрд. 55 млн. теңге берілген.

Біз отандық өндірістің дамуына қарсы емеспіз, керісінше қолдаймыз. Себебі, олар мындаған адамға жұмыс беріп отыр. Алайда, жоғарыда айтылған бюджеттік шығындарды 1 жұмыс орнына шақсақ, әр орынға айына 1 млн. 376 мың теңге жұмсалады екен. Мұндай өзін өзі ақтамайтын шығын бізге қаншалықты қажет?

Отандық техника өндірушілер кедендік салымнан, қосылған құн салығынан, утилизациялық алымнан босатылған. Бұған қоса оларға индустриалық аймақтардағы қойма мен өндірістік нысаналар, қажетті инфрақұрылымға (газ, жарық, су, жол) қосылу тегін.

Мемлекет тарапынан жасалған осыншама қолдауға қарамастан Қазақстанда жиналған ресейлік және беларусьтік техника бүгінде 2 еседен астам қымбаттаған.

Бір ғана мысал. 2019 жылы бағасы 43 466 000 теңге болған VECTOR 410 - комбайнының құны 2022 жылы 93 450 000 теңгеге көтерілген. Ал ACROS 550 комбайныны - 2019 жылы 39 925 654 теңгеге саудаланса, 2022 жылы оның бағасы 112 050 000 теңгеге бірақ шарықтаған. Нақты дәлелдерді осылай жалғастыра беруге болады.

Осыларды айта келе сізден төмендегі сұрақтарымызға нақты жауап беруіңізді сұраймыз.

1. Мемлекеттен барлық жеңілдікті алып, бюджеттен қаржылық қолдау көріп отырса да, техника бағасын соншама аспандатқан отандық өндіріс қаншалықты қажет?

2. Президентіміздің халыққа жолдауындағы техниканы жыл сайын 8-10 пайызға жанарту жөнінде берген тапсырмасын осыншалықты қымбат бағада қалай орындамақшысыздар? Еліміздің тірнектеп жинаған бюджетін оңды-солды шашуға болмайтынын ескеретін уақыт жеткен сияқты.

3. Бәсекелестікті дамытып, техника бағасының қолжетімділігін арттыру үшін импорттық техникаға да неге осындай жеңілдіктер берілмейді? Утильалымды жою жөніндегі халық тілегі неге ескерілмейді?

4. Өндірісті локализациялаған мекемелерге Үкімет тарапынан баға бойынша, елімізде қосалқы бөлшек шығару бойынша қашан нақты талап қойылады? Олар осы күнге дейін тіпті бұранда шығаруды да жолға қоюға тырысқан емес.

5. Биылғы жылы бағаны соншалықты шарықтатқан отандық ауылшаруашылығы техникасын құрастырушы компаниялардың бағаны шектен тыс көтеруіне себепші болып отырған факторларды айтыңыздар және де олардың қаржылық қызметіне талдау жасап, тексеру жүргізу керек деп есептеймін.

Сауалға заңнамамен белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ауыл» ХДПП партиясы
фракциясының депутаттары**

**Е. Саурықов
А. Баққожаев
Н. Арсютин
Қ. Әбден
А. Зейнуллин**

Т. Серіков

«AMANAT» партиясының фракция депутаттары

М. Ескендіров

Б. Нажметдинұлы

Ұ. Тұмашинов

*Орынд. А. Байжанова
тел. 74 63 92*